

Материалы международной научно-практической конференции, посвященной 130-летию С.Сейфуллина = С.Сейфуллиннің 130 жылдығына арналған халықаралық ғылыми - практикалық конференциясының материалдары. - 2024. – Б.IV. - Б. 116-119.

ӘОЖ84-11 (045)

СӘКЕН ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫНДАҒЫ АЙШАНЫҢ РӨЛІ

Кенжитаева Ж.Л., п.ғ.м., аға оқытушы

Қуанышова М., 1 курс студенті

С. Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық зерттеу университеті, Астана қ.

Бұл мақалада Сәкен Сейфуллиннің шығармашылық мұрасы сөз етіледі. Оның шығармаларының ерекшелігі мен мазмұны баяндалады. Сәкен Сейфуллиннің «Айша» повесті – қазақ халқының әйел теңдегін, қазақ қызының қайсар рухын суреттейтін шығарма. Мақалада Айша бейнесі анықталады. «Айша» повестінің ерекшелігі мен артықшылықтары сараланады. Қазақ халқындағы әйел құқығы мәселесі жан-жақты көрсетілген «Айша» шығармасының құндылығы анықталады.

Қазақ даласындағы бүкіл тарихи оқиғалардың ошағы 20-ғасыр басындағы қазақ зиялылары өкілдерінің білімділігі, парасаттылығы, халқы алдындағы жауапкершілігінен басталды. Зиялы қауым өкілдерінің алдында бір мақсат болды: қазақ елінің азат, тәуелсіз ел ету. Қазақстан тарихындағы күрделі, қайшылықты оқиғалар кезеңінде өмір сүрген Сәкен Сейфуллин де өмірін осы мақсатқа арнады. Ол 20 ғасырдың басындағы Қазақстанның аумалы-төкпелі саяси өмірін, самодержавиенің күйреуін, бұқараның саяси санасының өсуін өз көзімен көрді. Дәл осы жылдары ол сұрапыл, қиын жылдардағы оқиғаларды бейнелейтін шығармалар жазды.

Сәкен Сейфуллиннің барлық шығармаларының өзіндік құндылығы өте жоғары. Қоғамдық-саяси, педагогикалық қызметпен бірге Сәкен Сейфуллин өзінің әдеби мүмкіндіктерін сәтті жүзеге асырды. Ол сан қырлы, проза мен драматургияны қатар жазып, әдеби сынды да ұмытпаған. Оның қаламынан көптеген өлеңдер, пьесалар, романдар, әңгімелер мен очерктер шыққан. Олардың ішінде «Советстан», «Қызыл ат» поэмалары, «Қызыл сұңқарлар» пьесасы, «Тікенді соқпақ» естеліктері, «Біздің өмір» романы, «Өткен күндер» поэзиялық жинағы және басқа да шығармалары бар. Ол аз ғана уақыт ішінде «Бақыт жолында» пьесасын жасады. Оның негізінде спектакль 1918 жылдың көктемінде қойылды. Сонымен бірге ақын төңкерісшілердің тұңғыш қазақ жырын жазды [1].

Сәкен Сейфуллин өз еңбегінде бүгінгі күннің мәселелеріне ерекше көңіл бөлген. Өмір, еңбек, еңбекші бейнесі тақырыптарын ашты. Бұл «Баспахана», «Тоқыма фабрикасында», «Екінші», «Түрімші» т.б өлеңдерінде көрініс тапты. Оны осы күнге дейін әдебиетте «жаңашыл жазушы» деп атайды. Өйткені, ол шығармаларында қазақтың бай фольклорын пайдалана

білген. Оқыған аңыз-ертегілерді қайта ой елегінен өткізіп, оларға жаңа леп берді. Оның дәлелі «Лашын жыры», «Көкшетау» лиро-эпикалық поэмалары. Бұл шығармаларында автор табиғаттың сұлулығын, махаббат тазалығын, адами қасиеттерді суреттейді. Осы орайда оның қатысуымен «Ежелгі қазақ әдебиетінің үлгілері», «Батырлар», «Ақан-сері - Ақтоты», «Лейлі мен Мәжнүн» поэмасының қазақша нұсқасы жарық көргенін айтпай кетуге болмайды.

Сәкен Сейфуллиннің «Тікенді жолын» бөлек айта кеткен жөн. Өйткені, бұл мемуарлық роман оның ең танымал шығармаларының біріне айналды. Азамат соғысы аяқталғаннан кейін жаза бастады. Роман ел ішінде болған нақты оқиғаларды суреттейтіндіктен тарихи сипатқа ие. Мұнда олар жеке тұлғаның тағдырымен тығыз байланысты. Ақын қазақ тілін дамыту ісіне белсене араласқанда осы мәселе бойынша тоғыз мақала жариялады. Одан кейін Сәкен Сейфуллин «Еңбекші қазақ» газетіне жетекшілік етті, бұл еңбектер сонда жарияланды. Оның күш-жігері текке кеткен жоқ, соңында жарлық шығып, оған сәйкес 1924 жылдың шілдесінен бастап бүкіл құжат айналымы қазақ тіліне аударылды. Сондай-ақ Сәкен Сейфуллин қазақ жоғары оқу орындарының студенттеріне арналған әдебиет тарихы пәнінен шыққан тұңғыш оқулықтың авторы, халық жазушыларының шығармаларын жинақтаған «Алғашқы қарлығаш» жинағын құрастырушысы. Ол қазақ авторларының шығармаларын орыс тіліне және орыс тіліне керісінше аудару арқылы әдебиеттің дамуына ерекше үлес қосты. Қазақтың сол кездегі тұрмысынан хабар беретін көркем еңбектерінің бірі – Айша. Сәкен Сейфуллин «Айша» повесін 1922 жылы жазды. Оқиға 1916 жылы, Ақмола қаласынан 300-400, Нілді зауытынан 60-70 шақырымдай жердегі ауылда өткенін автор дәл көрсеткен. Кәдір деген кісі Шәкір атты әйелі өлген, қара шұбар, қисық қара сақалы бар жігітке Айша есімді кіші қызын бермек. Қалың малға отыз қаралы мал алмақ. Күшіген сияқты үңірейген, сақалы күректтей қара шұбарға сұлу, жас Айша әйел болмаймын деп қанша жерден қарсылық көрсетсе де, әке-шеше, ағайын-туыс, бәрі де ата салтын бұза алмай, ұзатылып кете баратын бақытсыз қыз тағдыры суреттелген. Қазақ әдебиеті үшін дәстүрлі әйел теңсіздігі тақырыбын жалғастыра отырып, автор кейіпкер бейнесін жаңаша суреттейді. Айша жекпе-жекте өзінің батылдығымен, қайсарлығымен және табандылығымен көзге түседі. Қазақтың қаршадай қызының өз құқығы мен бақытсыздықтан қорғану үшін күрескенін көрсететін туынды - сол дәуірдегі қазақ халқының жағдайынан хабар береді [2]. Жазушы Айша бейнесін «Айшаның майысыңқыраған сымбатты ұзынша бойы, ашаң, құба жүзі, қоп-қою, қап-қара құндыздай екі қасының арасы қосылған қабағы, тереңдеп мұнайған кер көзі оның кешеден бері киын, қалың ойда, ауыр қайғыда екенін білдіретін еді. Бірақ Айша бұрын да орынсыз күліп, орынсыз ойнап, артық сөйлемейтін, салмақты ақылды деген қыздың бірі болғандықтан, оның қазіргі әлсіреген гүлдей мұнайып, зіл тастан ауыр қайғымен майысуына ауылдағы аңқау жұрттың көбі өте артық мағына бере қоймай жүрген сияқты еді» деп жазғаны оқырманға ұғынықты, Айшаның образы көз алдарында жайқалып шыға келетіндей өте көркем суреттейді.

Оның жан-дүниесінде болып жатқан аласапыранды да оның қас-қабағы арқылы шебер сипаттайды. Шығармадағы Айша рөлі тек қана бір тағдырды емес, сол кезеңдегі әйелдердің еркінен тыс күйеуге шығуын, орынсыз дәстүрлердің әйел тағдырын күйреу себебі болатынын жеткізген. Жалпы қазақ жазушылары арасында әйел тағдырының аянышты халін жазған жазушылар көп. «Бақытсыз Жамал», «Қалың мал», «Қамар сұлу» романдары мен «Шұғаның белгісі» шығармаларында да әйел теңсіздігі, өз еркінен тыс басқа біреуге тұрмысқа шығуына қарсыласқан. Бұл шығарманың олардан айырмашылығы Айшаның жанында өзі сүйіп, жанына тірек болатын ғашығы жоқ. Ол еркіндікке жалғыз ұмтылады. Қалың көпшілікке бостандық үшін қарсы шығады. Қазақ халқында әке-шешесіне қарсы шығып, бақыты үшін жалғыз күрескен тек қана Айша бейнесі. Мұндағы жазушының негізгі мақсаты – Айша образын даралау.

«Тағы да барып айт, - дейді ол Садырбек деген құрбы-замандасын әке-шешесіне жұмсап, - мен Боранбай баласына баруға ақыретте де ырза емеспін. Маған оның байлығының керегі жоқ, қатыны өлген, үйінде жетім балалары жылаған, күшіген сияқты үңірейген, сақалы күректей қара шұбарға мен қатын бола алмаймын. Егер де мұндай адамға мені малға сататын болса, мен тәңір алдында көз жасымды кешпеймін. Және өле-өлгенше менің әке-шешем, туған-туысқаным жоқ деп білем... Міне, бір тәңірге аян болсын, мына батқан күнмен бірге батайын. Тәңір алдында қолым жағаларында болады. Онан соң өле-өлгенше ешқайсысының бетін көрмеймін», деген сөздері арқылы Айша өзінің қайсарлығын, батылдығын, шыншылдығын, бірбеткейлігін көрсетеді. Яғни, Айша көрінгенге еріп кете салатын, өз ойы мен пікірі жоқ санасыз емес, оның барлық болып жатқан оқиғаларды саралап, пайымдайды. Сонымен, шығармадағы тағы бір ұшқын - әрбір қазақ қызы өз болашағы үшін, бақыты үшін өз шешімін жасауы керек екенін көрсету. Айша-жаңа өмірден қорықпай, алға қарай батыл қадам жасаған, өз өмірі үшін күресе білген қайсар қыз. Айшаның анасы 4-5 балалы болғанда дүниеден озған. Оның анасы, әкесінің екінші әйелі Салиқа отыз қара малға үмітті болып, көңілді жүргенін де тамаша жеткізген жазушының сөз қарқы. Қыз баласының басынан өтетін мұндай жағдайларда ананың орны үлкен. Ал, Айшаның өз анасы мен өгей анасы болғанына қарамастан ол мойымады. Намысты қазақ қызы тағдыры өз қолында екендігіне, болашағын бұлыңғыр етпесіне сенді [3]. Айшаның айтып жіберген сөзін әкесі қалың көпшілікке жеткізгенімен шешім өзгермеген. «Баяғы бір сөз... Бәріне де айттым, ешбір сөз қалдырғаным жоқ... Олардікі баяғы, бәрінін айтатындары: Айшанікі балалық дейді. Қатыны өлген кісіге кім қызын бермейді дейді. Боранбайдай бай және аталы жерге барған соң Айша әшейін жылы суға екі қолын малып отырады дейді. Енді сол сөзін қойсын дейді... Және, өзің де естіп отырған шығарсың, ертең жөнелтпек қой? Осы алқаптағы бес ауылмен ғана таныстырып, ертең түстен кейін жөнелтеміз дейді. Енді дайындала берсін, балалық сөзді қойсын дейді» деп әкесі Садырбек Айшаға айтқан сәтінен сол дәуірдегі қарағы сананы байқаймыз. Яғни, ашаршылықтан шыққан, тек қарынның тоқтығы мен көйлектің көктігін басты орынға қоятын әділетсіздік жайпаған заман

екеніне тағы да көз жеткіземіз. Айшаның «Енді мен десең саған қанша ұрысса да тағы да барып айт, енді бір-ақ ауыз сөз айт: енді маған өкпелемесін туған-туысқандарым, әке-шешем! Мен үш қайыра алдарынан өттім, өтініш қылдым! Енді ешқайсысы маған өкпелемесін деп айтты де барып» деп өзінің өжеттігін, қайсарлығын көрсетеді. Дәуірінің қалыптасқан қатаң тәртібінен бас көтеріп қарсы шыққан «бүлікшіл» бейне де бар. «Айша» повестінде бүгінгі күнмен болашақ бейнесін шебер көрініс берген. Шығарма романтикалық бейнелеу ұстанымдарына бағытталған. Шығармада тарихи шындықтан қашып құтыла алмайтын мәселе көтерілген. Жарқын өмірге ұмтылған, адамның рухани құндылығын ешқандай материалдық дүниемен ұштаспайтынын автор кемел суреттелген. Айшаның: «Мен малға барғым келмейді, Рапыш!.. Бұл сөзді, әшейін малдың зары өткен соң айтып отырсың ғой! Әйтпесе, бұл сенің маған айтар сөзін бе еді?.. Қатыны өліп, үйінде жылап отырған жетім балалары бар, сақалы күйектей, қарашұбар Боранбайдың баласына мен теңмін бе?. Сенін де көкейінді мал тесіп отыр ғой!» деген тік, шындықты қашанда айта білу керектігін, сол дәуірдегі көптеген қазақ қыздарының әйел бостандығында шындықты айту қажет екендігіне мысал болады. Сәкен Сейфуллин «Айша» подвестінде бір Айша емес, әйел теңсіздігіне душар болған «Қошқарбайдың келіні», «Рақила», «Қантбаланың ертегісі» оқиғаларын жазу арқылы оқырманға қазақ әйелдерінің жағдайын баяндайды. Демек оқиғаны басқа оқиғамен салыстыру, ондағы сюжетті жан-жақты бағалауға, қазақ тұрмысындағы мәселелерді көрсетуге бағытталған [3].

Қорыта келе, Сәкен Сейфуллиннің өмірі, қоғамдық-саяси қызметі, шығармашылық ізденістері аз ғана уақыт ішінде небәрі 44 жылда жүзеге асты. Ол қазақ халқының әлеуметтік мәселелеріне өзіндік көзқарасын білдірді. «Еңбекші қазақ» газетінің беттерінде Сәкен Сейфуллиннің кейбір сандарында екі, үш, кейде төртке дейін мақалалары жарияланып, оларда бүгінгі күнді, қажетті өзгерістер мен шешімдерді жазады. Қилы заманда қазақтың болашағына да өз әсерін тигізген – әйел тағдыры. Себебі қай заманда болмасын баланың тұлға болып қалыптасуына анасы, әйелдердің үлесі зор. Әйел өз бостанғынан айырылып, өз пікірі мен құндылығын жоққа шығарып, тағдырдың тәлкегіне көніп жүре берсе, ұрпақ тәрбиесі де алға ілгерілемейді. Демек сол дәуірде әйелдің өз құқығынан айырып, болашағын бұлыңғыр еткен жайттарды жан-жақты сипаттаған шығарманың оқырманға берері мол. Айша – озық ойлы азаматша. Сәкен Сейфуллин бұл шығармасы арқылы алға қарай бүкіл қарсылықты жеңуге, батыл түрде болашаққа ұмтылуға үндейді [4].

Әдебиеттер тізімі

- 1 Кәкішев, Т. (2003). *XX ғасырдағы қазақ әдебиетіндегі ағымдар*. Әдебиеттану: Сөз өнерінің сырлары. Алматы: Мектеп, 84-85.
- 2 Абсеметов, М. (2006). *Сәкен Сейфуллин - Председатель Совета Народных Комиссаров Казахстана* (г.Оренбург, 1922-1924 гг.). Астана, 416.

- 3 Сейфуллин, С. (2004). *Шығармалар жинағы*. Алматы: Қазығұрт, 1, 456.
- 4 Ahmetova, BZ. (2019). The specifics of modern educational migration in the countries of the Customs Union (Russia, Republic of Belarus, Kazakhstan). 8: 19, 130-137.